



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Германдық тарихи антропология
мектебі





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Германдық тарихи антропология мектебі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралында ерекше көңіл бөлінетін германдық тарихи антропология мектебіне қатысты пікірлерді қорытындылау. Басты мақсат тарихи антропологияның даму ерекшеліктері мен негізгі өкілдерін көрсету.

Негізгі идеялары:

1. Алғашқы ізденістер

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Германиялық тарихшылар тарихи антропология туралы алғаш рет 60 жылдардың екінші жартысында айта бастады. Бұл, бір жағынан, әлеуметтік тарихтың әдістемелік жаңғыру жолдарын іздестіру барысында және, екінші жағынан, француздың «Анналар» мектебі жетістіктеріне ерекше ден қою жағдайында болды. 1967 жылы ГФР тарихшыларының Фрайбург конгресінде сөйлей отырып, Томас Ниппердай әлеуметтік тарихты тарихи антропологияға түрлендіру бағдарламасын ұсынды. Өз ойын келесі еңбектерінде дамыта отырып, Т.Ниппердай жеке тұлға мен оның дәуірін өзіне біріктіретін антропологиялық құрылымдарды жаңа пәннің зерттеу аясы деп мәлімдеді. Тарихи антропология жеке тұлға мен қоғамның өзара қарым-қатынасын динамикада, нақты бір жерде және нақты дәуірде қарастыруға үндейтін. Ол ұсынған зерттеу бағдарламасы моральдық мінез-құлық, отбасы, тәрбие үдерісі, т.б. зерделеуден тұрады. «Мінез-құлық түрлерінің тарихи құбылмалылығын» бақылауды оның басты тақырыптарының бірі деп атаған Вольф Лепенис тарихи антропология міндеттері жөнінде осыған ұқсас түсінікі тапты. Тарихи антропология туралы осындай түсінікті жақтайтындар, олардың қатарында Оскар Кёлер, Йохен Мартин және басқалар, 70-80 жылдары мақалалары мен шолулары басылған «Saeculum. Jahrbuch für Universalgeschichte» жалпы тарих журналы 12 маңайына топтасты, ал 1975 жылы Фрайбургте олар Тарихи антропология институтын құрды. 70-80 жылдар межесінде зерттеушілердің осы бірлестігінің құрамына О.Кёлер, Йохен Мартин, Михаэль Миттерауэр, Т.Ниппердай, Август Ничке, Рольф Шпрандель және басқа да белгілі неміс ғалымдары кірді. Институттың мақсаты - француздардың «Анналар» мектебі үлгісі бойынша, «адам тарихын тұтас күйінде» зерттеу деп жарияланды, ал аурулар, оларды емдеу, құқықтық дәстүр және балалықтың әлеуметтік тарихын зерттеу бірінші кезекті міндет ретінде жоспарланды.

2. Штутгарт орталығы

Тарихи антропологияны зерттеудің басқа орталығы 70 жылдары Штутгартте пайда болды: Штутгарт университеті жанындағы әлеуметтік зерттеулер институтында А.Ничке басқаратын мінез-құлықты тарихи зерттеу бөлімі (Historische Verhaltensforschung) құрылды. Адамның мінез құлқын зерттеудің тарихтағы ауқымды бағдарламасын А.Ничке арнайы кітап қып шығарды. Автор бұл бағытты Л.Февр, Ж.Дюби, А.Я.Гуревич, Т.Ниппердай, Р.Шпрандель т.б. тарихи антропология мен ментальдық тарихына қатысты жұмыстармен байланыстырды. Н.Элиастың өркениетті үдеріс туралы теориясы мәнерінде әр түрлі дәуірлерде адамның күйзелісті бақылау өзгерісін, сондай-ақ мінез-құлыққа ықпал ететін - қажеттілік, адамдардың сезімі сияқты т.б. факторларды зерттеу ұсынылды.

Тарихи антропология міндеттерін түсінуі тұрғысынан Штутгарт және Фрайбург орталықтары өзара жақын болды. Әсіресе 80 жылдардың бірінші жартысында бұл А.Ничке мен Й.Мартиннің балалық шақтың тарихын зерттеу бойынша бірлескен жобасынан көрінді. Қалай болғанда да, әңгіме белгілі бір уақыттағы және белгілі бір жердегі нақты адамдарды емес, тұтастай Адамды тарихи зерттеу (әртүрлі кезеңдер мен мемлекеттер тарихынан мысалдар келтіру арқылы) туралы болды.

60-70 жылдардың соңында тарихи антропология мәселелерін осы бағыт шеңберінде зерттеу теориялық пікірталас шеңберінен шықпады. Авторлар неміс философиясы тарихы мен тарихи ойына байыпты шегіністер жасады, жалпы әдістемелік тәсілдерді талқылады, бірақ 80 жылдардың басына дейін неміс тарихи антропологиясы талдамалы нақты зерттеулерді көрсете алмады. Кейінірек Х.Медик атап көрсеткендей, мұндай философиялық түсіндірме Т.Ниппердай мен оның пікірлері еңбектеріндегі сияқты этнологиядан бойын алыс ұстауға зейін қоя отырып, соның нәтижесінде дәстүрлі еуроцентризм дәстүріне адал болды.

Х.Медиктің өзі 70 жылдары Гёттингемдегі Макс Планк атындағы Тарих қоғамы институтында құрылған басқа зерттеу тобына кірді. Петер Кридте мен Ю.Шлюмбоммен бірге, ол сол кезде аграрлық



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Германдық тарихи антропология мектебі
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

қоғамнан индустриялық қоғамға өту кезеңіндегі ауылдық қолөнер кәсібінің сыртқы нарығына бағытталған протоиндустрияландыру мәселесін зерттеу жобасында жұмыс істеп жүрген еді. Осы бірлескен жоба нәтижесінде ақырында аталған үш ғалымның әрқайсысының іргелі монографиялық зерттеуі жазылды.

Рудольф Фирхаустың басшылығымен Геттинген Тарих институтында да тарихи антропология жақтастары пайда болды, алайда Фрайбург және Штутгарт орталықтарынан олардың айырмашылығы, Х.Медик, Ю.Шлюмбом, А.Людке сияқты геттингендіктер, сондай-ақ сол кезде олармен бірге жұмыс істеген америкалық германист Д.У.Сэбиан әуел бастан философиялық антропология идеяларына емес, әлеуметтік және мәдени антропология (этнология) зерттеулеріне бет бұрды. Сонымен бірге 70 жылдардың соңынан бастап зерттеушілердің бұл тобы тарихшылар мен антропологтардың халықаралық пікірталастарына белсене араласты. Осындай пікірсайыстардың бірінің материалдары бойынша, 1982 жылы басылып шыққан «Классы и культура: социально-антропологические перспективы в историописании» жинағы Германия (А.Людке, Х.Медик, Норберт Шиндлер), Италия (микротарихтың негізін қалаушылардың бірі Карло Пони) және АҚШ (Роберт Бердал, Уильям Редди, Д.У.Сэбиан) тарихшыларының, сондай-ақ америкалық антропологтар Ренато Розальдо мен Джеральд Сайдердің мақалаларын біріктірді.

Тарихи антропологияның түрлі түсіндірмелерінің өзара бейбіт өмірі 80 жылдардың басында Германиядағы ызалы айтыс-тартыстармен алмасты, соның барысында неміс академиялық ғылымының қалыптасқан көптеген қағидаларына күмән келтірілді.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер